



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәселе

Жедел респираторлық вирус: 1 млн 279 мыңға жуық жағдай тіркелген

Қазір Қазақстанда тұмау өршіп тұр. Әсіресе аталған дерт балалар арасында кең таралуда. Оның жайы айтпаса да түсінікті, бұған балалар иммунитетінің төмендігі басты себеп. Осы ретте «ел ішінде жаңа тұмау штамы тарауда» деген қауесет жүр. Бұған қатысты Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Әсел Қыдырәлиева нүкте қойды. Оның сөзінше, елімізде жаңа тұмау штамы тарап жатқан жоқ, эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Ол адамдардың жиі науқастануын маусыммен байланыстырады.

– Өтпелі маусымда вирустық инфекция жиілейді. Қазақстанда тұмау жыл сайын қараша айынан басталып, сәуір айының ортасына дейін созылады. Қазір маусымдық А тұмауы тарап жатыр. Дегенмен биыл жедел респираторлық вирустық аурулар деңгейі өткен жылмен салыстырғанда артқан жоқ, – деді Әсел Қыдырәлиева.

Алайда кейбір өңірлердегі балалар мен ересектерге арналған инфекциялық стационарларда науқастар саны уақытша көбейіп кетуі мүмкін. Бұл ретте ол бір мезетте көп адамның медициналық көмекке жүгінуі қалыпты құбылыс деп есептейді. Ірі қалаларда осындай көрініс байқалатынын да жасырмады.

Айта кетейік, биыл 1 млн 279 мыңға жуық жедел респираторлық вирус жағдайы тіркелген. Олардың жартысынан көбі – 14 жасқа дейінгі бала. Өткен жылмен салыстырғанда сырқаттанушылық 19 пайызға төмен.

Министрлік өкілінің айтуынша, А тұмауы жаңа вирус емес, бұл – бұрыннан белгілі маусымдық тұмаудың бір түрі. Бірақ ол халықтың әлсіз топтары үшін қауіпті екенін де жоққа шығармады.

– Қауіп тобына балалар, жүкті әйелдер және қант диабеті, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жолдарының аурулары бар адамдар кіреді. Мұндай кезде профилактика жүргізу өте маңызды, – деді ол.

Ол вирустың таралуы жылдам жүретінін айтады. Белгілері – жоғары температура, құрғақ жөтел, әлсіздік пен бас ауруы. Бұл тұмау жұқтырғаннан кейін 1-2 күн ішінде білінуі мүмкін.



Негізі бұл дерттен басты қорғаныс шараларының бірі – вакцинация. Елде 2 миллионнан астам доза дәрі сатып алынған, кез келген адам екпе ала алады. Алайда екпе аурудан қорғайтын жалғыз амал емес. Бастысы, сақтансақ, сақтайтыны қаперде болсын.

Біріншіден, ұйқы мен демалыс маңызды. Ұйқының жетіспеуі және үнемі шаршап жүру иммунитетті әлсіретеді, ешқандай дәрумен бұл тапшылықты өтей алмайды. Екіншіден, дұрыс тамақтану да аса маңызға ие. Ағзаға жеткілікті мөлшерде ақуыз түсуі керек. Үшіншіден, жылы әрі ылғалды орта маңызды. Құрғақ ауа тыныс жолдарының шырышты қабақтарын құрғатуы мүмкін, ал ол – суық тию мен вирустан қорғайтын алғашқы қапқан.

Жалпыжылсайынжіт респираторлық вирустық инфекциялардың 4 млн ал тұмаудың 2 мыңдай жағдайы тіркеледі. Эпидемиологтар сондықтан қазіргі ахуал күз-қысқы мезгілге тән екенін айтады.

Аймақтағы ахуалға келсек, жыл басынан бері ЖРВИ диагнозымен 89 809 жағдай есепке алынған. Сырқаттанушылықтың 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 10 375,65-ті құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда сырқаттанушылық 4,6 пайызға төмендеген. Жұқпаны жұқтырған 14 жасқа дейінгі 56 667 бала бар, 2024 жылдың 9 айымен салыстырғанда 6,6 пайыз төмен.

2025 жылы ағымдағы мерзімде тұмау диагнозымен 35 жағдай тіркелген. Бұл сырқаттанушылықтың 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 4,04-ті құрады. 14 жасқа дейінгі балалар арасында 25 жағдай анықталған. Өткен жылдың 9 ай қорытындысымен салыстырғанда 2,25 есеге төмендеген. 2024 жылы Қызылорда облысы бойынша тұмау диагнозымен барлығы 78 жағдай есепке алынған. Ал бұл деңгей 100 мың халыққа шаққанда 9,10-ды құрайды.

Эпидемиология маманы Жалағаш аудандық емханасы, жұқпалы аурулар бөлімінде ЖРВИ диагнозымен 104

науқас емделіп шыққан. Оның 81-і – бала, соның ішінде 5 жасқа дейінгі 64 бала бар.

Биыл ауданға тұмауға қарсы 3430 доза вакцина қаралған. Қысқа мерзімде жеке толық орындалған. Бүгінге дейін екпе алушылардың саны жоспарлы көрсеткішпен 100 пайыз теңесіп, тұрғындар арасында иммунитет қорғаныс қалыптастыру жұмыстары сәтті жүзеге асқан.

Ауданда аурушандықтың негізгі бөлігін балалар құрайды. Осыған дейін 300-ге жуық баладан тұмауға қарсы белгілер анықталған. Дәрігерлер бұл көрсеткіштің артуын балабақша мен мектептерде оқушылардың көп шоғырлануымен байланыстырады.

Тұмауды жеңіл дерт деп қарауға болмайды. Ауру асқына, соңы жақсы болмайтынын түсінуге керек. Сондықтан дәрігерге уақытылы қарайып, олардың кеңесін қаперде алған дұрыс.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Әлем жаңалықтары

АҚШ-та шетелдіктерге тұрақты тұруға мүмкіндік беретін визаларды беру тәртібіне өзгерістер енгізілді. NDTV мәліметіне сүйенсек, жаңа ережелер бойынша өтініш беруші созылмалы дертке шалдықса, яғни семіздік немесе диабет сияқты жағдайлар анықталса, виза беруден бас тартуға осы басты себеп болуы ғажап емес.

Виза беру тәртібі қатаңдады



Иә, бұл жайында АҚШ Мемлекеттік департаменті арнайы нұсқаулық та шығарған, яғни олар созылмалы ауруларға шалдыққандар мемлекет ресурстарын көп қажет етуі мүмкін деп есептейді. Жаңа нұсқаулар АҚШ-тың шетелдегі елшілік өкілдеріне жіберілген.

«Өтініш берушінің денсаулық жағдайын ескеру қажет. Жүрек-қан тамыр аурулары, тыныс алу жүйесі аурулары, онкологиялық дерттер, диабет, зат алмасу бұзылыстары, неврологиялық және психикалық аурулар емдеуге жүздеген мың доллар шығынды талап етуі мүмкін» делінген құжатта.

Бұдан былай визалық офицерлер өтініш берушінің медициналық шығындарын өзі өтей алатынын да бағалауы тиіс. Мұнан бөлек оның жақын туыстарының, балалары немесе ата-анасының денсаулығы да есепке алынбақ. Оларда созылмалы аурулар, мүгедектік немесе арнайы күтімді қажет ететін жағдайлар анықталса, бұл шешімге әсер етуі ғажап емес. Өйткені мұндай күтім өтініш берушінің жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Бұған дейін виза рәсімдеу кезінде тек жұқпалы аурулар, ескелер және психикалық денсаулық мәселелері ескерілетін. Енді бұл тізімге жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жүйесінің аурулары, қатерлі ісік, диабет, зат алмасу бұзылыстары және неврологиялық дерттер де кірмек. Бірақ жаңа талаптар гуманитарлық санаттағы өтініш берушілерге, босқындарға қолданылмайды.

XXV жазғы Сурдлимпиада ойындары басталды

Жапонияның астанасы Токиода XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарының басталғанына да бірнеше күн болды. Есту қабілеті зақымданған спортшылар арасында 4 жыл сайын өтетін дәстүрлі дода биыл ерекше тарихи мәнге ие болды, яғни сурдлимпиадалық қозғалыстың 100 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.



Салтанатты шеруде еліміздің көк байрағын сурдо дзюдодан ҚР спорт шебері, XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарының жүлдегері Айдос Түгелбаев пен Анна Краморова көтеріп шықты. Олар еліміздің туын халықаралық аренада көтеріп шығу ең үлкен абырой деп есептейді.

– Маған артылған зор сенім әрі үлкен жауапкершілік. Осы сенімді ақтау үшін бар күш-жігерімді саламын, – деді Айдос Түгелбаев.

Ұлттық Сурдлимпиада комитетінің президенті Серік Сағиев спортшыларға қолдау көрсетіп, өз пікірін білдірді. Ол бұл ойындар спортшыларымыздың ең жоғары деңгейде бәсекеге қабілетті екенін дәлелдейтін мүмкіндік деп есептейді. Сөзінше, ел құрамасы үлкен дайындықпен келген «әрбір спортшы жарыс жолына бір мақсатпен, яғни ел абыройын асқақтату үшін шығады» дейді ол.

Ашылу салтанаты Токио Метрополитен гимназиясы спорт кешенінде өтті. Шараны Есту қабілеті зақымданған спортшылар спортының халықаралық комитетінің президенті Адам Коса ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бағдарламаның көркемдік бөлігі Жапонияның ұлттық мәдениетін көрсетіп, еститін және есту қабілеті зақымданған жандар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Сахналық қойылымдар Сурдлимпиаданың 100 жылдық тарихын, оның рухын және мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен бірлікті дәріптеуді көздейді.

Биыл 81 елден 3 мыңға жуық спортшы қатысып, 21 спорт түрінен 209 дисциплинада бақ сынайды. Қазақстан ұлттық құрамасында 78 спортшы бар, олар 8 спорт түрі бойынша ел намысын қорғауда.


Ұлттық құрама үшін алғашқы жарыстар кеше жеңіспен басталды. Олар сурдо дзюдо мен сурдо бадминтоннан сынға түсті. Кейін жарыс кестесіне сәйкес жеңіл атлетика, үстел теннисі, жүзу, грек-рим күресі, таеквондо және еркін күрес додалары жалғаспақ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бағдарлама игілігі

Көлік жөндеудің шебері

Жалағашта жұмыс жасауға ынтасы бар адам үшін тосқауыл жоқ. Қолыңыздың ебі келсе, қызметтен құр қалмайсыз. Осындай үш жыл бұрын мемлекеттік бағдарламаның көмегімен өз кәсібін бастап, бүгінгі таңда дөңгелентіп отырған Мейрамбек Нұрғалиев автокөлік жөндеу орталығын ашты.



Мейрамбектің бұл кәсіпте жүргеніне он жылдай уақыт болды. Басталқыда екі жылдай ағасының жанында жүріп, көліктерді жөндеудің қыр-сырын меңгерді. Сол тәжірибе оны өз кәсібін ашуға шабыттандырып, қайтарымызсыз грантты қажетіне қолданып үлгерді.

Көлік жөндеу – бір қарағанда оңай көрінгенімен, іс жүзінде мұздай темірмен жұмыс істеу дегендей, ауыр әрі шыдамдылықты қажет ететін еңбек. Кейіпкеріміз көлік жөндеуге арналған орталыққа газ кіргізіп, заманауи құрал-жабдықтарды орнатты. Енді ол тек автокөліктерді жөндеп қана қоймай, келушілерге жылдам әрі сапалы қызмет көрсетуді басты мақсат етіп отыр.

– Барлық адамның бірдей автосалона сужана көлік ала беруге мүмкіндігі жоқ. Мұнда келген жеңіл көліктерді жөндеп беремін. Қазір бір үйде екі көлік бар отбасылар да бар. Сенім артып келетін адамдардың саны күн сайын артып келеді, – дейді кәсіпкер.

Бірде-бір жұмыс қазір көліксіз бітпейді. Діттеген жерге алып барып, бір үйдің напақасын тауып беріп те отыр. Мейрамбек үшін де көлік – табыс көзі. Бүгін бір орталық – оның жеке әлемі. Жан-жаққа шашылып жатқан кілттер, автобөлшектер, бір жағында құрал-сайманы, барлығы жұмыс барысы қалай өрбитінінен хабар беріп тұрғандай. Кейіпкеріміз көлік капотының алдында тұр. Бір-бірімен байланысқан ұзын сымдарды мұқият реттеп жатыр, әр әрекеті кәсіби шеберлігін көрсетеді.

Көбіне келушілер күтпеген ақауларға тап болады. Мысалы, май жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, мотор тез тозады, ал кейбір бөлшектердің сапасы төмен болса, қозғалтқыш жұмысы бұзылып, көлік жолда қалуы мүмкін. Әр адамның жағдайы әртүрлі болғанымен, көп жағдайда ақаулар бірдей, ұқсас себептерден туындайды. Сондықтан автокөліктің моторын уақытылы тексеріп тұру қажет екенін айтады сала майталманы.

Көлік жөндеудің шебері басталқыда дәнекерлеу саласында білім алған. Десе де заман талабына сай жаңа бағытқа бет бұрып, қазіргі таңда өз ісінде жоғары нәтижелерге жетіп келеді. Бір қызығы, әр күннің өз ерекшелігі бар, кейде тыныш, кейде қарбалас, ауыр жұмыс, бірақ бір күні тіпті 3-4 көлікті жөндеуге үлгерді екен.

Мейрамбек көлік жөндеумен қатар орталық жанынан шағын автобөлшектер дүкенін де ашты. Мұнда көліктің майда шамдарынан бастап, мотор майлары,

арнайы ароматизаторларға дейін табуға болады.

Кәсіпті кеңейту тек қарапайым еңбекпен ғана шектелмейді, ол іскерлік пен дұрыс жоспарлауды да қажет етеді. Мейрамбектің тыныссыз тірлігінің нәтижесі осы көлік жөндеу ісімен қатар қосымша қызметтермен дүкен жұмысын да дөңгелентіп отыр. Бұл оның кәсібін деген адалдығы мен табандылығын айқын көрсетеді.

Бүгінде әрбір адам өз қолымен табыс табуды және арманына жетуді қалайды. Жеке кәсіп тек ақша табу емес, бұл – өз қабілетінді көрсету, жаңа идеяны жүзеге асыру және қоғамға пайда тигізу жолы. Мемлекет жастарға кәсіп ашуға көмектеседі, гранттар мен жеңілдетілген несиесі арқылы өркім жеке жұмысын бастайды. Жеке кәсіп – әр адамға өз еркіндігін сезінуге, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін жол.

Гүлжан ЕСЖАН

Кеңес

Тоғыз айдың жұмысы сараланды

Биыл 9 айда ауданда «Атапат» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы 72 іс-шарадан тұрады. Былтыр тиісті кезеңде оның 37-сі, яғни 51,4 пайызы толық орындалған. «Аймақ экономикасының дамуы» бағыты 23 тармақты қамтиды. Бұл бағыт аясында ауданда өнеркәсіп пен кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығын дамытуға 2025 жылға жоспарланған жобалар әлі де жүзеге асырылуда. Негізгі капиталға тартылған инвестицияның бағалау көлемі 15,516 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101 пайызға артқан. Партияның аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысында аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы осылай деді.

218 жоба қаржыландырылған

Спикердің сөзінше, өнеркәсіптің өңдеу секторы 86,7 пайызға артқан, яғни 11 826,1 млн теңгені өнімі өндірілген. 9 айда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі 2 819-ға жетті. Оның ішінде 96,3 пайызы нақты жұмыс жасап тұр.

Жыл басынан бері аудан бойынша мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпін өрі қарай дамыту бағытында 2,9 млрд теңгені құрайтын 218 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде 450 адам жұмыспен қамтылды. Биыл аудан бойынша «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» шеңберінде 16 жобаға жоспар 175 адам болып бөлінген. 9 айда 10 жоба бойынша 142 адам жұмыспен қамтылған. Бұдан мейншік 81,1 пайызға артылғанын аңғардық. Оның ішінде 141 адамның еңбек шарты тіркеуден өткізіліп, 135 адамның міндетті зейнетақы жарнасы аударылған. Нұрсұлу Маратқызы жаңа бизнес идеяларға арналған мемлекеттік гранттарды беру бойынша жоспар 100 пайызға орындалғанын айтады, яғни 134 адамға 210,1 млн теңге грант берілген.

Егінді өртарапандыруға басымдық берілген

Су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жер көлемін ұлғайту мақсатында биыл Мақпалқөл ауылдық округіндегі «Құрманбай Ата» шаруа қожалығы тамшылайтын суару әдісі арқылы 10 гектар жерге қартоп және басқа да бақша дақылдарын егіп, өнім толық жиналды. Сондай-ақ Таң ауылдық округіндегі «Бірілік» шаруа қожалығы да тамшылайтын суару технологиясын пайдаланып, 10 гектар жерге егілген бақша дақылдарының өнімін жинауды аяқтады. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу субсидиялау көлемінің өсуін ұлғайту мақсатында 691,7 млн теңгеге 18 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Бұл салада 101,1 пайыздық өсім қалыптастырды, 23 685,1 млн теңгенің жалпы өнімі өндірілген. Былтыр осы кезеңде өндірілген өнім көлемі 20659,4 млн теңгені құрады.

Ауданды 338 шаруашылықтың 202-сі өнімінен 136-сы мал шаруашылығымен айналысады. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес 36 712 гектар жерге егін егіліп, өнім толық жиналған. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес егіс алқабы өртарапандандыру жұмыстары әлі де жалғасуда. Суды аз қажет ететін дақылдар өткен жылмен салыстырғанда 167 гектарға көбейген.

Жалағаш ауданының жер қоры 2 873 640 гектарды құрайды. Оның ішінде 284 752 гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер үлесінде. Сондай-ақ 42 760 гектары елді мекен жерлеріне жатса, 15 854 гектары өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлері бар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар 4 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 769 482 гектар орман қоры болса, су қоры – 14 902 гектар. Сонымен қатар 1 745 884 гектар босалқы жер бар.

Биыл ауыл шаруашылығы жерлері бойынша 17 635 гектарды құрайтын 14 жер учаскесі конкурс арқылы айналымға енгізілген. Бұл бағытта жеке 103,7 пайызға артты. Жерді мақсатты пайдаланбаған тұлғалардан 9 айда 9 260 гектер жер мемлекетке қайтарылды. Сонымен қатар елді мекендердегі жер учаскелерін сатудан аудандық бюджетіне 13 млн теңге қаржы түскен. Пайдаланбаған жайылымдық жерлерге талдау жұмыстары жүргізіліп, мақсатты пайдаланылуы қатаң бақылауға алынды. Нұрсұлу Маратқызы азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында 9 айда 5 рет ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылғанын айтады. Сондай-ақ биыл салада 9 айда 52 жұмыс орны ашылған.

9 айда 450 жаңа жұмыс орны ашылған

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында осыған дейін 33 жоба 166,5 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Спикер бұл бағытта жеке 9 айда 97,1 пайызға орындалғанын айтады. Сондай-ақ 5 жобаның құжаты әзірленген, портал ашылған уақытта ұсынылады.



Әлеуметтік салаға келсек, ауданда жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрайды. Аймақта «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында жоспарланған 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес, қазан айына дейін 447 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. 9 айда 450 жаңа жұмыс орны ашылған.

Инфрақұрылымдық жүйелерді жақсарту бағыты 16 тармақты қамтиды. Ауданда 9 айда 17 648 шаршы метрді құрайтын 108 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл көрсеткішті өткен жылмен салыстырсақ, 100,7 пайызға көбейген.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 9 айда 20 маманға тұрғын үй несиесін алуға құжаттары әзірленген. Қазіргі таңда қаражаты күтілуде.

1,7 млрд теңгені құрайтын 7 жоба жүзеге асуда

Ауданның автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 240,9 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы республикалық, 60,6 шақырымы облыстық, 130,3 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолына жатады.

Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының 115 шақырымы, яғни 88,3 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. 15,3 шақырымы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Сонымен қатар ауданда 239,4 шақырымды құрайтын 222 ішкі көше бар. Биыл республикалық және облыстық бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлініп, жол жөндеу бағытында 7 жоба іске асырылуда. Тиісті қаражатқа 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңыздағы «Ақсу-Беркімбай көпіре» автомобиль жолы, Жалағаш кенті және 6 ауылдық елді мекендегі 21 шақырымды құрайтын 38 ішкі көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Тарқатып айтсақ, «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көпіре» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралған. Ал Бұқарбай батыр ауылдағы 11 ішкі көшенің құрылысына 382,6 млн теңге бағытталған.

Биыл аудан орталығында да жол құрылысы қарқын алды. Жалағаш кентінің 11 көшесін күрделі жөндеуге 678,7 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ Мәрілі Шәменов ауылындағы Жамбыл Ердүзенова көшесіндегі автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге 69 млн теңге қаралды. Жоба құны 518,3 млн теңгені құрайтын Қаракөткен және Далдабай елді мекендеріндегі автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарын бастау үшін биыл 165,3 млн теңге және жобаны толық аяқтауға облыстық бюджеттен 341,6 млн теңге бөлінуде. Құны 486,5 млн теңгені құрайтын Аққыр елді мекеніндегі Б.Ақырзаев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Төспенов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралған, оның 12,8 млн теңгесі қысқартылған Жоба 2026 жылға өтпелі.

Қазіргі таңда Жалағаш ауданы бойынша елді мекендерге бағытталған негізгі күрекжолдың барлығына күрделі жөндеу жұмыстары жасалуда. Президенттің, Үкімет басшысының және облысының қолдауымен ауданаралық жолдардың мәселелері толық шешімін табады.

Нұрсұлу Маратқызы ауданда жол сапасын әлі де жақсартуға негізделген жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған жобалардың барын да жоққа шығармады. Мәселен, осыған дейін ауданның жол саласы бойынша жалпы құны 3 млрд 394 млн теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданған.

Халықты таза, сапалы ауызумен қамтамасыз ету де – басты назарда тұрған міндеттің бірі. Қазіргі таңда аудан тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған ауызумен қамтамасыз етілген. Биыл Есет батыр ауылында ауызу жүйесін қайта жаңғырту бойынша облыстық бюджеттен 38 млн теңге бөлініп, құрылыс монтаждау жұмыстары басталды.

Тұрғындардың 50 пайызы газ тұтынады

Бүгінде аудан халқының 50 пайызы көпгидр отынның игілігін көріп отыр. Елді мекендерді табиғи газға қосуды жалғас-

тыру мақсатында Қаракөткен және Далдабай елді мекендерін газдандыруға 1 млрд 178 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз мекеме анықталды. Мөңгір – «Сырэнергогазстрой» ЖШС. Қазіргі таңда жобаны бастауға облыстық бюджеттен 1 млн теңге бөлінді.

Бұқарбай батыр ауылын газдандыру бойынша да бюджеттік өтінім әзірленген. Қазіргі таңда салалық басқармаға ұсынылған. Жобаның жалпы құны 1 млрд 329 млн теңгені құрайды. Мәрілі Шәменов ауылындағы мәдениет үйінің қазандығы табиғи газға ауыстырып, реконструкциялауға аудандық бюджеттен 3,5 млн теңге қаралған. Бүгінде жобалау-сметалық құжаттары әзірленді. Келер жылы жоба толық іске асады. Ауданда мұнан бөлек 3 мектеп, 2 балабақшаны табиғи газға ауыстыруға жоба-сметалық құжат жасау үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жолданған.

Ауданның бас экономикасы елді мекендердің электр желілерін дамыту бойынша атқарылған жұмыстарды да көңінен тарқатты. Ауданда электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырымды құрайды. Электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі – 32,5 пайыз. Жалағаш кенті, Еңбек, Мәрілі Шәменов ауылдарының электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге демеушілер есебінен жоба-сметалық құжат дайындалған. Осыған дейін бюджеттен қаржыландыруға ұсынылған.

Сонымен қатар Жалағаш кентінің теміржол желісінің оңтүстік бөлігіндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымын (электр беру желілерін) салуға жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, сараптамадан өткізілген. Аталған жобалар бойынша биыл бюджеттен 887 млн теңге қаралған. Бұдан бөлек Жалағаш кентінің батыс бөлігін ашылған «Ақтерек» учаскесінің подстанция құрылысына 1 млрд 72 млн теңге, тасжолының жобасына 2 млрд 506 млн теңгені құрайтын жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, тиісті облыстық салалық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылған.

2024-2025 оқу жылы ауданның білім саласы айтарлықтай жетістікке қол жеткізді. Биылғы оқу жылында 20 мектептен 6603 оқушы білім алды. Оның ішінде 450 тұлға бар. «Алтын белгінің» 16, «Ұздық аттестаттың» 48 бітіруші иеленген.

Білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына дайындау мақсатында 292 млн теңге бөлініп, мектептерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 3 мектеп жанынан жаңа спорт алаңы салынып, 2 мектептің спорт алаңы күрделі жөндеуге өткізілді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық білім беру ұйымы 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен қамтылып, полиция бөлімімен интеграция жасалған.

Ауданда денсаулық сақтау саласы да дамып келеді. Соңғы үлгідегі жаңа аурухана, жаңа типтегі емхана аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде. Республикалық бюджеттен 388 млн теңге қаржы бөлініп, Қаракөткен ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория салынып, ел игілігіне берілді. Жаңа нысан науқастарға сапалы, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Өңірде мәдениет саласында да ауқымды жобалар іске асырылуда. Аудан үшін ең ауқымды жобаның бірі жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығының құрылысы аяқталып, биыл пайдалануға берілді.

2025 жылы «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы аясында түрлі форматтағы 747 іс-шара өткізілді. Оның ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы жоғары деңгейде атап өтілді. Сонымен қатар Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы» – Қызылорда» атты облыстық өнер байқауында Жалағаштық өнерпаздар 2-орын иеленді.

Бүгінгі таңда 14 мыңнан астам аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты айналысуда. Бұл жалпы тұрғындардың 40,5 пайызын құрайды. Аудан спортшылары өлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда әр түрлі деңгейдегі 160 медаль алып,

жоғары жетістікке қол жеткізді. Бүгінде халықаралық дәрежедегі 1 спорт шебері, 1 разрядты 10 спортшы, 9 спорт шеберіне үміткер бар.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында кент орталығында жалпы құны 471 млн теңгені құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді. Сонымен қатар биыл «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінен жалпы құны 175 млн теңгені құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, бүгінде ауылдағы ағайын оның игілігін көріп отыр.

Осыған дейін Қазақстан Футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екіжақты меморандумға қол қойылған. Нәтижесінде орталық стадионға жасанды жасыл алаң УЕФА-ның «Алап» жобасы арқылы төселді. Жобаның жалпы құны 180 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ аудандық бюджеттен 47 млн теңге бөлініп, қайта жаңғыртылды.

Аудан бойынша мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорына сәйкес 9 айда 1005 мүгедектігі бар адам тіркелген. Олардың ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар 243 бала бар. Оларды оңалту мен оңалтудың жеке бағдарламасының орындалуына қамтамасыз ету мақсатында 1495 жеке оңалту бағдарламасы даярланып, 94,8 пайызы орындалды.

Жастар арасында қажетті мәселелер бойынша ақпараттық консультациялар ұйымдастыру және әлеуметтік қызметкермен 950 адам қамтылды. Еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқамерзімді курсты 166 адам оқыған.

Ауданда 9 айда 560 жас жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. Оның ішінде Жастар практикасына 146, әлеуметтік жұмыс орындарына 10, қоғамдық жұмысқа 93, тұрақты жұмыс орнына 270, қайтарымсыз грантқа 41 адам қол жеткізді. 9 айда 5 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылған. Аудан жастары арасында жұмыссыздық деңгейі 4,4 пайызды құрайды.

Спикер экологиялық жағдайды жақсарту бойынша нақты жұмыстар барын айтады. Мәселен, бұл бағыттағы шараларды күшейту мақсатында жинақталған тұрмыстық қатты қалдық көлемі 6274,3 тоннамын құрайды. Оның ішінде бөлек сұрыпталғаны – 2697,3 тонна.

«Жасыл ел» еңбек жасақтарына аудан бойынша 110 адам тартылған. Жалағаш кентіне және ауылдарда 110 тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын контейнер көпкәбәтты тұрғын үйлер алушына, саябақтарға, аллеяларға және көшелердегі қоқыстарды жинау үшін қойылған.

Экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар да жүйелі жүргізілуде. Бұл жұмыстарға бюджеттен 181,5 млн теңге қаралды. Атап айтқанда: «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы аудан бюджетінен Жалағаш кенті мен 14 елді мекенге абадан-абадан жұмыстарын жүргізуге 80,7 млн теңге бөлінді. Абадан-абадан бағытындағы жұмыстарға 43,5 млн теңге және санитарияға 57,3 млн теңгеге тиісті жұмыстар атқарылуда. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына аудан тұрғындары белсенді қатысуда. Ақция барысында кент және ауылдық округтерде су жүретін каналдар тазартылып, аллеялар мен саябақтарда көркейту-кегалдандыру, санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілді, – дейді Нұрсұлу Маратқызы.

Жыныда мұнан бөлек ауданда жоспарлы құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстары қаралды. Бұл мәселе бойынша аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Бөйімбетов көңілінен тарқатты. Комиссия мүшелері құрылыс нысандарының орындалу сапасы мен мерзімі бойынша сауал жолдады. Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері ауданның дамуына қатысты ұсыныстарды білдіріп, қаулы жобасы отырысқа қатысушылар тарапынан түскен сауалдармен толықтырылып, бекітілді. Сондай-ақ олар мемлекеттік бағдарламалар мен партияның сайлауалды міндеттемелерінің орындалуын тиімді бақылауды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБЕВ

Балабақшадағы бір күн

Балабақша – баланың өмірге алғашқы қадам басатын, жүрегің мейірімге, көңілің достыққа толтыратын шағын ғаламшар. Ол – тек білім орны емес, бала жүрегің тәрбиелейтін, достық пен сенімнің алғаш сабақтарын үйрететін тығыз байланыста мекен. Соғардың бірі – аудандағы «Ясли-сад Жасұлан» балабақшасы. Мұнда әр күлімісіреген көз, әр күлімі өмірдің жарық сәулесі сияқты жаңа жылу сыйлайды.

«Жасұланның» жұмысы жүйелі



2013 жылы ашылған 120 орындық балабақша бүгінде 87 бүлдіршінге білім мен тәрбие беріп отыр. Мұнда бес топ жұмыс істейді, бұлдан бастап кішкентай бүлдіршіндерді екі жастан бастап қабылдауға мүмкіндік туы. Сұраныс жоғары болғандықтан мектепалды даярлық екі топ толықтырылған. Балабақша ардайым мектеппен тығыз байланыста болып, мұғалімдермен бірлесіп, барған бүлдіршіндердің үлгерімін қадағалап отырады. Мұнда әр балаға жеке көңіл бөлініп, олардың шығармашылығы мен дамуы жүйелі түрде дамытылуда.

– Жалпы балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп жұмыстар жүргізіледі. Оқу-ағарту министрлігінің жасақтанған әр жыл сайын өзгеріп отыратын әдістемелік нұсқаулығы болады. Барлық оқу процесі соған сәйкес өтеді, – дейді әдіскер Ғазиза Манабаева.

Бұған дейін мұнда балаларға ақысыз күрес үйірмесі, қыздарға би үйірмесі ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта олар уақытша тоқтап тұр, бірақ алдағы уақытта қайта қолға алынады. Тәрбие ордасында екі ауысым бойынша он тәрбиеші жұмыс істейді, олардың бесеуі – педагог-модератор. Қалған тәрбиешілер биыл өздерінің санаттарын көтеріп, кәсіби біліктілігін арттыруға даярлық үстінде. Балалар үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Бұрын ас мезгілінде сүтпен шөй берілсе, қазір баланың денсаулығына ерекше көңіл бөлініп, фито шөй енгізілген. Бұл – балалардың салауатты өмір салтына бейімделуіне және денсаулығының мықты болуына бағытталған қамқорлықтың айқын көрінісі.

Білім бөлімінің бекіткен жоспарына сәйкес откізілетін аудандық шараларда балабақша ұжымы белсенді. Мысалы, жақында ұйымдастырылған «Шебер өке», «Өнерлі ана», «Еңбекқор бала» секілді республикалық байқаудың аудандық кезеңіне онлайн түрде қатысты. Алда жоспарланған «Мен зерттеушімін» республикалық байқауының аудандық кезеңіне дайындық басталып кетті.

Балабақша жұмыс бастағалы мұнда екі рет аудандық семинар өтті. Бүкіл балабақша, оның ішінде жеке негіздегі балабақшалар да бар, психологтар арасында семинар болған. Қазіргі кезде аймақтық балабақшалар тірек және магниттік балабақша болып бөлінеді, яғни мемлекеттік балабақшаға жеке балабақша магнит етіп қойған. Аталған жеке балабақшаның тірегі – «Балбөбек», «Жауқазын». Ал кезекті семинар сәуір айына қойылған. Мұнда әр балабақша тәрбиешілері тәжірибелерімен бөлісіп, оқу-тәрбие ісінің жаңалықтарынан ақпараттанды.

– Тәрбиеші болып істеп жүргеніме бес жылдай уақыт болды. Әрқайсысы – бір-бір үйдің еркесі. Балалармен жұмыс істеу оңай емес. Оңай болмаса да, осы мамандықты таңдағанымна қуанамын, бұл – менің ең үлкен жетістігім, – дейді мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Әлмира Нұртазақызы.

Мұнда тәрбиешілер жұмыс күні басталғаннан кейін балаларды қабылдап алады. Міндетті түрде таңғы жаттығулар жүргізіледі, одан кейін балалар таңғы асқа отырады. Балабақшада кешке дейін әр минут қызықты өткізіледі. Күні бойы оқу іс-шаралары жалғасады. Қанша бала болса, сонша ата-анамен тәрбиешілер тығыз жұмыс істейді. Whats App чаттарында күнделікті таңнан кешке дейін болып жатқан процестер ержей-тегжей баяндалып отырады.

Мұнда білім беру ісі ерқашан бірінші орынға қойылған. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу бағдарламалары жүйелі түрде жүргізіліп, әр тәрбиеленушінің қабілетін ашуға мүмкіндік жасалған. Жыл сайын дәстүрге айналған республикалық Абай, Маржан оқуларына қатысып, өз өнерін көрсететін бүлдіршіндер де аз емес. Бұл мұндағы тәрбие мен оқытудың сапасын айқындайтын бүлдіршіндердің де көптігін аңғартады.

– Балабақшаға балаларымды ойланбастан бердім. Басшылық тарапынан талап пен тәртіпті алға қоятыны ұнады. Төрт балам да осы жақтан мектепке барды. Қазір кішкентай қызым осында. Тәрбиешілердің қарым-қатынасы бір бөлек. Бастысы, баланың көңіл-күйі. Күнде танертең «достарыма барамын» деп қуана жиналады, – дейді ата-ана Нұржанат Дүйсен.

Сонымен қатар бірнеше жыл бұрын қолға алынған ата-аналарға арналған ашық есік күні бүгінде дәстүрге айналған. Аталған шарада тәрбиешілер күнделікті жүргізетін жұмыстарын, оқу іс-әрекеттерінің барысын, балалардың даму жетістіктерін ата-аналарға жан-жақты көрсетеді. Мұндай кездесулер ата-аналарға өз баласының ортадағы бейімделуі мен күнделікті белсенділігін көруге мүмкіндік береді.

Ашық есік күні жылына екі рет, әр жартыжылдықтың қорытындысы кезеңінде ұйымдастырылады. Шарың басты мақсаты – тәрбиеші мен ата-ана арасында ашық байланыс орнатып, тиімді әріптестік қалыптастыру.

Бір сәтте балалардың дауысы алыстан әлсіз естіліп, кейін жақындай бастады. Сөйтсек, олар таза ауада бір мезгіл бой сергітіп келе жатыр екен. Ойын балалары бір-бірімен жарыса өз топтарына қарай тарасып, әрқайсысы тәртіпке үйренген қалыппен бет-қолын жуға асығып барады.

Бергі дәлізден дайын болған астың иісі бұрқырап тұр. Аспаз көмекшілері дәмді асын таратуға кіріскенші. Алдымыздан екі бүлдіршін өнтелеп шықты. Қолдарындағы қасықты алып, үстел үсіне жалма-жан қойып үлгеріп жатыр. Мұнда мектепалды даярлық тобы бүлдіршіндері дастарқан жаюға көмектесуді дағдыға айналдырған екен. Бір жағынан бұл – сүйкімді көрініс, екінші жағынан – еңбекке баулудың, тәрбие мен ұйымшылдықтың тамаша үлгісі.

Осындай үйлесімді ортада тәрбие, еңбек және жан-жақты дамудың қатар ұштасуы балабақшаның ауызбіршілікпен жұмыс істейтін үлкен ұжымының еңбегін паш етеді.

Гүлжан ЕСЖАН

Алтын ұя

Білім ошағының тарихы мен бүгіні

Мектеп – даналық дариясы. Оның даналығы ата-аналардың парасатынан, шәкірттердің адалдығынан, ұстаздардың қажырлы қайратынан құрылып, жыл сайын бітіретін түлектердің тәлім-тәрбиесінен, білімінен көрініп отырады. Бүгінде жарты ғасырлық тарихы бар №246 орта мектеп 1975-1976 оқу жылында сегізжылдық негізгі мектеп болып құрылды.

Ол кезде аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Зияда Ижанов болды. Директор қызметіне аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығынан іскер басып Рсалды Ақмолдаева, директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары болып ұстаздардың ұстазы, ұзақжылдық тәжірибесі бар Бәйбіт Бисенбаев ағай тағайындалған. Осы жас ұжымды ұйымдастырып алып кету ол кезде оңай болған жоқ. №31 орта мектепке 1000 орындық жаңа ғимарат пайдалануға беріліп, орнына №246 мектеп құрылды. Алғашқы жылы мектеп ашылған кезде бірінші сыныпқа 56, екінші сыныпқа 54, үшінші сыныпқа 79 бала қабылданған. Білім жүйесін қалыптастыратын, тұлғаны дамытатын, яғни ұрпақ тәрбиелеу өсіруші қоғам сөзін өкіл – ұстаз. Алғашқы педагогикалық ұжым №123 және №202 орта мектептерінің мұғалімдерінен құралыпты.

Ақмолда Рсалды 1979 жылы отбасылық жағдайына байланысты басқа қызметке ауысып, орнына мектеп директоры болып Галия Нұркенова алай келеді. Білім ошағында қосымша асхана, шеберхана құрылыстары салынды. Ұжым мүшелерінің іс-тәжірибесі бұл тұста аудан көлемінде кеңінен насихатталған. Оқушыларға білім мен тәрбиені ұйымдастыруда тың жұмыстар жүргізілген.

1981 жылы директор болып республикаға белгілі орыс тілі пәнінің мұғалімі, бұрынғы тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры Роза Исакметова тағайындалды. Ол кісі ұстаздармен бірлесіп, әрбір оқушының отбасылық жағдайын зерттеп отырған. «Білім алу үшін оқушының жеке ахуалы жақсы болуы керек, сол мәселеге мұғалім уақыт тауып, мән беріп отыруы керек» деп талап ретінде қараған. Әрине, осындай білгір басшылар көптеген игі іс жасады.

1987-1988 оқу жылында мектеп директоры болып Оспан Есенәлиев тағайындалған. Нағыз жылжырумен біздің білім көзінде мектеп ұжымы біраз биік деңгейден көрінген. 1996-1997 оқу жылының басында тәжірибелі басшы Райхан Әзбергенова тағайындалған. Ол тұста мектеп өкілшілігі тарапынан ұстаздардың еңбегі жоғары бағаланып отырды. Жылу жүйесі де жолға қойылып, оқушылардың білім алуына жағдай жасалды. Көп ұзамай жас іскер басшы аудандық білім бөлімін басқаруға ауысып, директор қызметіне орыс тілі пәнінің маманы Клара Ильасова келді. Жас басшының мектеп тарихында орын алатын ұжымның абыройлы істеріне үлесі мол болған. 2004-2005 оқу жылында осы мектепте 9 жыл жұмыс істеген, өзінің шет тілі пәні бойынша ізденімпаз ұстаз екенін



дәлелдеп, мектепке еңбегі сіңіп, тер төгіп, сынып жетекшісі, пән мұғалімі ретінде жұмыс жасаған тәжірибелі басшы Жұмақұл Маншарипова директор болды.

Республикаға белгілі, Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім Бәйбіт Бисенбаев, Қиназар Қосжанов, Райымбек Ысқақов, Тоқшылық Үйсінбаев, Әміртай, Момынтаев, Жақсылық Майлыбаев, Малика Әбденова, Кентай Әбдікешова, Сәрсенбай Жаппасбаев, Дана Ермаханова, Күләш Ерімбетова, Сәбит Раманқұлов, Клара Қосынованың есімі тарих терінен орын алды. Қаншама шәкірт тәрбиеленді. Бұл күнде Қазақстанның барлық аймағында, шет елде де қызмет жасап жатқан түлектер – мектеп мақтаншысы.

Өзінің уақытын аямайтын ұстаз әрқашан беделді. Олардың қатарында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет жасаған Сәбит Раманқұлов, Жақсылық Майлыбаев, Әзиза Оразымбетова, Айгүл Шілдебаеваның еңбегі ұшан-теңіз. Білім мен тәрбие – егіз ұғым. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп ұлы данышпан Әл-Фараби айтқандай, тәрбие жұмысына жоғарыдағыдай басшылардың жауапты талабына сай көп еңбегі сіңді. Сәбит Раманқұлов, Жақсылық Майлыбаев ағайлардың жазғы демалыс кезінде 7-10 сынып аралығындағы оқушылар шөп шабу жұмысына тартылатын. Жүздей оқушының еңбек демалысын ұйымдастыру оңай болмаған. Осындай жұмыстарға Нұрлыбек Досмағанбетов, Гүлжан Аханаева, Алмаш Байғазиева, Роза Ағарбаева, Ұлтай Құрақбаева, Айман Манасбаева 10-15 күн сыртта жұмыс жасаған.

Білім ордасын Рсалды Ақмолда 1975-1979 жылдары басқарған. Алғашқы кезеңде өсте оңай болмады. Мектептің ішкі және сыртқы жөндеу жұмыстарын жыл бойы тоқтамастан жүргізуге тура келген. Ол сынып бөлмелері жетіспей, бастауыш сыныптарды қосымша бөлмелерде оқуға мәжбүр болған уақыт еді.

1979 жылы Галия Нұркенова басшылық жасаған уақытта ауланы асфальттауды қолға алды. Мектеп фойесінің бір жағын бөліп, сол уақытта бұфет жұмысы ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушыларына тегін сүт беруге жағдай жасалды. Бұл бағытта Баян Тоқпанова өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқарды. Санитарлық, эпидемиологиялық стандарттардан маман шақырып, диаметрі

1 м, биіктігі 5 м болатын су құбыры жасалды. Мектеп ішіне қолжұғыштар орнатып, құдық пен екі ортаны шойын трубамен жалғастырды. Су раковинаға төгіледі, қағаз жиналып алып өртеледі. Бұл шаруалар ұсақ-түйек болғанымен оқушыларды ұқыптылыққа, жинақылыққа, тазалыққа тәрбиеледі. Мектеп құрылған жылы солтүстік-шығыс бұрышынан мектеп директорына арнап екі бөлме салынды. Соның бір бөлмесі кітапхана, екінші бөлмесі шаруашылық заттар қоятын қоймаға айналған.

«Істің тетігін нағыз кадр шешеді» деген сөз бар. Сондықтан кітапханашы маман ретінде Әзиза Оразымбетова қабылданды. Әзиза апай кітапхана жұмысын ғылыми тұрғыда ұйымдастырды. Оқушылардың көңілін аударатын тәрбиелік мәні бар ситалармен бөздендіріп, хатотқа жасады. Кітапханада аудандық семинар кеңес өтіп, үлкен абырой әкелген.

Мектепте лингвистика кабинетін іске қосып, орыс тілі мен ағылшын тілін бөліп оқытын дәрежеге жетті. Кабинет меңгерушісі болып Алмаш Байғазиева тағайындалған. Мектептің оңтүстік қанатындағы кластардың жылу жағдайы нашар болғандықтан оқушылар қыста сырт киіммен отыратын. Аудандық атқару комитетінің орынбасары Н.Байқуатовқа бірнеше рет барып, екі сантехник бөлініп, жылу жүйесі бір ізге келді.

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Әміре Жаңабатыров ағай мектептің түрлі шаруашылық жұмыстарын аса жауапкершілікпен орындайтын. Ұлы Отан соғысының ардагері, не нәрсеңнің де қадірін түсіне білетін Әміре ағай мектепке қажетті бұйымдарды дер кезінде жеткізіп отырған. Мектеп ғимаратын жақсы ұстауға, қалыпты жөндеуге шаруашылық меңгерушісінің ұқыптылығы қажет. Осындай тиянақты жұмысымен ұжым есінде қалған Игнат Цойды, Әміре Жаңабатыров ағайдың жақсы істері бүгінде өнеге ретінде айтылып жүр. Алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәндерін тереңдетіп оқыту үшін өр мектепте тир болу керек деген үкіметтің қаулысы шықты. Қаулының жүзеге асыру үшін тир жасау, дене шынықтыру снарядтарын жасау керек. Мектептің ауласы тар болғандықтан жерасты азындығы 5 метр, ені 1,5 м темір бетон тұрадан бесу, ататын бөлме үшін 2x3 төрт бетон қабырға, мишень болатын жерге 1,5x1,5 м бетон, дене шынықтыру снарядтарға темір құбырлар қажет еді. Материалды тауып, жер қазатын

«Малютка» тракторымен 3x3 шұқыр қазылып, тир жасалды. Бұрынғы бөрененен тұрғызылған баскетболдың орнын стандартпен сай асфальтталып, бұған жұмысшылармен қатар мектеп мұғалімдері көп көмегін тигізген.

1976 жылғы мектептің алғашқы түлектерінің бірі – Тойған Қалжөкенова. Жасынан өнерге жақын Тойған мектептің үндеуімен кәсіптік училищеге барып оқыды (класс жетекшісі С.Жаппасбаев). «Жас қанат» ән-би ансамблінде өнер көрсетіп, облыстық, аудандық сайыстардан жүлделі орындарға ие болды. 1978-1981 жылдары аралығында Алматы, Ақтөбе қалаларында, Мәскеудегі ВДНХ-да өнер көрсеткен 1987 жылдан осы мектептің бастауыш класына мұғалім болды.

Мектеп жанынан 1975 жылы оқушыларға қызмет жасауға шағын асхана жұмыс істеді. Меңгерушісі болып биязы мінезді, ұқыпты, әрбір баламен тіп табыса білетін Құрмаш Елубаева абыройлы еңбек етті. Ол кезде бүгінгідей жағдай жоқ. Тек балаларға 5 тынға пирожкиді пісіреді, коржикті ресторанның сатып әкелетін. Басқа тағамдар дайындауды асхана жағдайы көтермейтін. Келе-келе, кейін екі бөлмелі асхана жұмыс жасап, оның меңгерушісі болып Баян Тоқпанова абыройлы қызмет істеді.

Бұл көнекез құнды деректердің барлығы – Дина Мирман алаймыздың жинақтаған еңбегінің жемісі. «Уақыттың көптігінен емес, қолдан келгенше қызмет ету го біздікі. Әйтпесе шаң басқан архив ақтарып отыру оңай емес» дейді сол кездегі сарғайған суреттерді түгендеп отырып. Дина Мирман – 35 жыл ұстаздық еткен ардагер мұғалім.

Ұрпақ – ұлтымыздың келешегі. Оның жан-жақты сауатты, саналы болып өсуі ең әуелі ұстаздардың ел-шеуіс еңбегінің арқасында. №246 орта мектеп – аудандағы іргелі оқу орнының бірі. Мектеп өзі шаңырақ көтерген жарты ғасыр ішінде шәкірттерге білім мен тәрбие беретін алып ұяға айналды. Білім ошағы бытып оқу жылында 410 оқушымен жұмысын бастаған. Мұнда 66 педагог дәріс береді. Олардың 16-сы – педагог зерттеуші, 31-і – педагог сарапшы, 15-і – педагог-модератор.

Мектептің алдында тұрған басты міндет – білім бағдарламасын жүзеге асыру. Бұлтты мектепті 15 оқушы тамамдап, ұлттық бірінші тестілеуге 13-і барып, 12-сі мемлекеттік білім грантын жеңіп алды. Мұнан бөлек өткен оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған ауыл олимпиадасының мектепшілік кезеңінде 43 оқушы аудандық кезеңге жолдама алып, 3 оқушы облыстық кезеңге өтіп, 2-еуі үшінші орын иеленген. Сонымен қатар 1-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар республикалық конкурсының аудандық кезеңінде 11 оқушы басқа сынып, 5-еуі жүлделі орын, 2-еуі арнайы сертификат иеленген. Келер жылы аталған білім орналы 31 түлекті қанат қақтырмақ. Барлығы ұлттық бірінші тестілеуге қатысуға ниетті. Быыл 2 оқушы «Алтын белгіге», 3 оқушы «Үздік аттестатқа» ұсынылып отыр. Оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау, жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу – басты міндет. Ұстаздардың кәсібилігі мен оқушылардың талабы ұштасқан жерде нәтиже болады. Осы ретте мектептің бөлшегі жарқын.

Ақбота ШАЙМОВА, Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп директоры



Сыр талының көлеңкесін пір тұтқан

Күнде алшы түсірсен де асығыңды, Көрмейді жат жер сені тасы құрлы. Шенгел өз жерінде тұрқырейді, Әркімнің өз елінде басы құнды.

Осы өлең жолдары Кенжеғара ағамыздың жүрегін тербейтін еді. «Шынында, асығың қанша алшысынан түскенмен жат мекенде қадірің бола қоймайды. Кіндік кескен мекенің мөрейді өсіріп, мәртебенді көтеріп, қыран құстай биікке самғауыңа жәрдемдесіп, ақ батасын береді. Даналыққа бет бұрған кемелді шақта да ел аманатын шама-шарқымыша арқалап келемін. Шұғыласын төккен күнге, ел ішіндегі мамыражай тірлікке қарап, терең тыныстап, көкірек сарайым ашылып, марқайып қаламын. Ең бастысы, туған жердің табиғатымен күнде қауышып, баурайында алшаң басып жүргеніме Аллаға шүкіршілік ететімін. «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген бәлкі, осы болар» деп ағамыз бізбен сыр сұхбатында ағынан жарылған еді.

Оттең дүние ай десенші. Аяулы жандардың жалған дүниені қоя айтсың, мәңгілік мекеніңе кеткенің ұғынғаныммен енді жылы сөз айтып оралмайтынын мойындағанда жүрек шірін атой салып, қимастықпен қауышсаң. Күні кеше асқар таудай бейнесімен жарқырап ортамызда жүрген Кенжеғара Сұлейменовтай жаңы жайсаң ағамыздың да бұл жалғанмен қош айтқанша жұлдан асты. Зымырап жатқан уақыт-ай десеңші... Бірақ өзі дүниеден өткенмен рухы өлмейтін мықтылар болады. Аллаға шүкір, артына гибратты ғұмыр қалдырған, ұлағатты ұрпақ аманаттаған ағамыз ел жадында мәңгілігімен ардақталады деп ойлаймын.

Өлгендер қайтып келмейді, Бақида өлмес жандар бар. Кеткенге көңілің сенбейді, Тұлғасы таудай заңғар бар. Болмысы бөлек жаралған, Көкірегі алтын сандық-ты. Жас тамшылар жанардан, Келмеске кетті сан мықты.

Осы өлең жолдары ағамыздың қандай азамат болғанын дәлелдеп тұр емес пе?!

Өмір жолыңа шырағанд, жанашыр, қолдаушы болған аяулы жан жайлы өткен шақтан естелік жазу өте қиын. Ұлы ақын Абай Құнанбайтың өткен дәуір терінен қалдырған «Өлді дегуе бола ма айтыңдаршы, өлмейтуғын артына сөз қалдырған» деген өлең жолдары өлі күнге мән-мағынасын жоғалтпай, кемел ойдың маржанына айналды.

Бүкіл саналы ғұмырын туған жерін гүлдендіріп, көркейтуге арнаған, қазақи болмыс-бітімнің езі дархандық пен кендіктің өлшеміндей болған халқының сүйем сөзін, өнегелі ақыл-парасатын бойына сіңіріп, сол құндылықты талай ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған Кенжеғара Сұлейменов ағамыз артына шлес өнеге, өлмес рухани қазына қалдырған аяулы жан еді. Шуағын шашып көктем келгенде қарапайым бейнесімен, жадыраған күлкісімен жабырқаған жаныңа қуаныш сыйлапты, бір өз бір қауым елді аузына қаратып, аталы сөз айтатын үлкенжүректі жанды танытын кісілер іздеп, сағынышпен еске алады деп ойлаймын.

Туған жерін Мысыр шаһарға теңеген жанның күллі өмірі өзі есіп-өнген Жалағаш жерінде өтті. Ыстығы адамның ашпалысын қуырып жіберетін кіндік кескен жерден бір сәт алыстаған емес. Тұмса табиғатымен тамсандыратын баурайы жасыл, таулары биік жерлерге қоныс аударуға құдіреті жетсе де, елім деп соққан мейірімді жүрегі оңдй жан рахатын қаламады. «Өз ұйым – өлең төселімі» деп өзі дүниеге келген қасиетті қара топырақты, ондағы жыңғыл шенгелді, сыр талының көлеңкесін пір тұтты. Мұндағы адамдардың мейірім-шапағатынан алыстағысы келмеді. Қарапайым ел көрген қиындықты, ауыл адамдары тартқан ауырталықты басынан өткізіп, соғыстан кейінгі халықтың қалжыраған сәттеріне күе болып, одан сабақ алды.

Тәңірінен ұрпақ өсіріп, көгеріп-көктем деп жәрдем сұрады. Алла Тағала тілегін қабыл етіп, Серікқұл андәуірлік сүйеу болатын адал жар тауып, ұрпақ сүйіп, көкпел көгерді. Перзентерін адалдыққа, имандылыққа тәрбиелеп, елдің батасын алудың ғанибет шарапаты барын санасына құйып отырды.

«Ана сүтімен берілген тәрбие өмір жолыма азық болып келеді. Шешем марқұм «біреудің сыртынан ғайбат сөз айтпа, жамандама, сыпайы, қарапайым бол» деп көп айтуды еді, жарықтық. Қазір сол тәрбиенің игілігімен қанша биікті бағындырдым, жетістікке жеттім. Бастысы, тоқмәйісіп, тоқырап қалмадым. Еңбөк, маңдай тер ғана адамға талмас қанат бітіретінін өнеге етіп айтқан өкем мен анама мың алғыс» деп өзі айтқандай, балаларын да үлкенжүректі азамат болу бағытында тәрбиеледі. Өз халқын шексіз сүйген перзенттің жүрегі мәңгілік тоқтағанмен, артына қалдырған өсиетті сөздері, өнегесі, туған жердің көркеюіне тер төгіп, өткен қызметі, қазақтың кең сахараласындай дархандығы мен адалдығы, ақ көңіл жайдары да жайсаң бейнесі, адамға қанат бітірер қолдаушылық, ағалық қамқорлығы Кенжеғара ағамызды танытын түз-дәмдес болған, бірге қызмет жасаған, аяулы жанның гибратын алған талай адамның жүрегінде мәңгілік сақталады.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Сағындық апа, өзіңді

Зымырап жатқан уақыт деген осы, аяулы ана, ардақты бауырымыз Аманова Тастайкүл Шемшіқызының ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол ардақты жанның бақиға бет түзгенінен бері де 40 күн өте шығыпты. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ. Тек сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз.



Тастайкүл Аманова 1950 жылы 14 маусымда Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1968-1971 жылдары Қызылорда медициналық училищесінде білім алған. Еңбек жолын аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында дәрігердің көмекшісі болып бастады. Одан кейінгі жылдары аудандық емханада зейнеткерлікке шыққанша медбике болып абыройлы қызмет етті. 2003 жылы зейнетке шығып, жеке кәсіпмен айналысты.

Аяулы ана отбасында 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан 17 нөмере, 3 шөбере сүйді. Тек балаларына ғана емес, саналы ғұмырында ескелен ұрпаққа өнеге болған ардақты жан 2025 жылы 18 қазанда дүниеден өтті. Сіз біздің жадымызда мәңгі сақталасыз, аяулы ана, ардақты бауыр. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Жақсылыққа баулығын тек басасың, Сен біз үшін дарасың нәм данасың. Жұмақ болып маңғи мекен өзіңе. Жатқан жерің жайлы болсын, анашым. Аманова Тастайкүл Шемшіқызының қырықкүндік асы 2025 жылы 30 қарашада сағат 12.00-де Жалағаш кенті Қазыбек би көшесі №6 үйде берілетін барша ағайын-туыс, құда-жекат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар бауырлары, жұбайы, балалары

«Ардагерлерді ардақтайды» партиялық жобасы аясында, ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Аманат» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен сала ардагерлері және еңбек озаттарымен кездесу өтті. Шарада партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева сала мейталмандарын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ауыл шаруашылығы ел экономикасының негізгі тіректерінің бірі екенін атап өтіп, осы салада аянбай еңбек еткен азаматтарға құрмет көрсетудің маңызын айтты.

Адал еңбек дәріптелді



– Бүгінгі мереке баршаңызға құтты болсын. Соңғы жылдары елімізде қарапайым еңбек адамдарының саналы ғұмырын ескелен ұрпаққа үлгі етуге негізделген шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Мұның бәрі дәстүр сабақтастығына оң есер ететінді сөзсіз. Бүгін де осындай игі шарада сөз сөсіп отырмыз. Сіздердің өмір жолдарыңыз, еңбектеріңіз расында бүгінгі жастарға үлгі екені анық. Баршаңызды бүгінгі мерекемен тағы да құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. – деді Қаншағұл Мұстафаева. Кездесу аясында еңбек озаттары мен ауыл жастары арасында ашық

сұхбат ұйымдастырылып, сала ардагерлері өздерінің тәжірибесімен, қызмет жолындағы қиындықтары мен қиындықтарын сөздерімен бөлісті. Шара соңында сала ардагерлері мен белсенді еңбеккерлерге «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің, партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйла Төрешованың және аудандық филиал төрағасы Өмірзақ Елеусіновтің алғыс хаты табысталды. Мұндай шаралар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, еңбекке деген құрметті арттыра түседі.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Сақтансақ, сақтайды

Қауіпсіздік қаперде болсын

Тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану – өр отбасының өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызды шарты. Газбен жұмыс істейтін құрылыстарды дұрыс қолданбау, желдетудің нашарлығы немесе ақаулардың уақытында анықталмауы қайғылы оқиғаларға әкелуі мүмкін. Сол себепті тұрғындар газ қауіпсіздігі талаптарын біліп, оларды қатаң сақтауы тиіс.

Газ қауіпсіздігін сақтауға қатысты негізгі талаптарға келсек, газ құрылыстарын тек мамандар орнату керек. Газ плитасы, колонка немесе қазандық сияқты құрылыстарды өздігінен орнату немесе бөлшектеуге болмайды. Барлық жұмыс тек арнайы лицензиясы бар мамандардың көмегімен жүргізіледі.

Желдетуді қамтамасыз ету де маңызды. Мәселен, аз пайдаланылатын бөлмеде терезе немесе желдеткіш үнемі ашық болуы керек. Ауа айналымы бұзылса, көміртегі тотығы (СО) бөлініп, ұпануға әкелуі мүмкін.

Жабдықтардың жарамдылығын тексерудің де өзіндік маңызы жоғары. Газ шлангісінің мықтылығын, крандардың жағдайын, құрылысның дұрыс жұмысын үнемі қарап тұрыңыз. Ақау байқалса, дереу мамандарға хабарласыңыз.

Газ иісін сезсеңіз не істеу керек? Бірінші кезекте Газ қранын дереу жабыңыз. Электр құралдарын қоспаңыз және ажыратпаңыз (үшкің тудыруға болмайды). Терезе, есіктерді кең ашып, бөлмені желдетіңіз. 104 немесе



112 нөміріне хабарласып, газ қызметін шақырыңыз. Ғимараттан адамдарды шығарып, қауіпсіз жерге алыстаның. Балаларды газдан қорғау үшін қайтпек керек? Ең алдымен олардың газ плитасына немесе басқа құрылыстарға жақындауына жол бермеңіз. Газдың қауіпті екенін түсіндіріп отыру – ата-ананың негізгі міндеті.

Өрт қауіпсіздігін сақтау – ортақ міндет. Газ тұтанғыш болғандықтан оның жанында ашық от пайдалануға болмайды. Пештің үстіне киім, қағаз немесе тез тұтанатын заттарды қою қауіпті.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Нәтиже

Су спортына серпін берген

Ауданда халық денсаулығын нығайтуға үлес қосып отырған жалғыз жабық бассейн бүгінде тұрғындардың сүйікті демалыс әрі сауықтыру орнына айналды. Жеке кәсіпкердің демеушілігімен бой көтерген бұл нысан өңіріміздегі спорт инфрақұрылымының дамуына серпін берді. Заманауи талаптарға сай салынған ғимарат екі қабаттан тұрады. Мұнда Еділ Сапабекұлының басшылық қызметке келгеніне көп болмаса да, жабық бассейн жұмысын жүйелеуде қыруар шаруа атқарған.



Сужаңа жабық бассейн 2021 жылдың қазан айынан бастап іске қосылды. Туған өлкесін түлетуге атсалысқан жеке кәсіпкер К.Құлтекеновтың өз қаражаты есебінен 307 миллион теңге қаржы жұмсалған. Нысан бүгінде 33 қызметкерді тұрақты жұмыспен қамтып отыр.



Кіргеннен-ақ мұнтаздай тазалығы көзге түсетін бұл бассейн қыс мезгілінде таңғы тоғыздан кешкі тоғызға дейін, ал жаз айларында таңғы онан түнгі онға дейін тұрғындарға есігін айқара ашады. Жылы күндері келушілер саны бір күннің өзінде жүз адамға дейін жететін кездер аз емес. Әлеуметтік осал топтарға, көпбалалы аналарға, Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестірілген азаматтарға бассейн қызметі жыл бойы тең көрсетіледі. Сондай-ақ жазғы маусымда ұйымдастырылатын азаматтарға қатысушылар да мұнда тең демалып, жүзу дағдыларын меңгереді.

ересектер үшін 700 теңге болып бекітілген. Кең ауа, көк айдын – ішке енген сәттен-ақ бөлек бір әлем. Жаны тыныштық іздегендер де, денсаулығын күтетіндер де осы жерден өзіне лайық тыныс табады. Олардың арасында медицина қызметкерлері де барын айтады мекеме қызметкерлері.

Суға жүзудің пайдасынан хабардар жандар мұнда тек спорт үшін ғана емес, шипа іздеп келеді. Буындарын шынықтырып, тынысын ашып, дене сергітуге келген тұрғындар үшін бассейн нағыз сауықтыру орталығына айналған. Бассейн суының тазалығы да қатаң бақылауда. Әр аптаның бірінші күні су арнайы ұрлау арқылы жеті сатылы өңдеуден өтеді.

Бүгінде бассейнде жұмыс істейтін мамандардың бөсеуі – кәсіби нұсқаушы. Алдағы жылы тұрғындарды қуантатын жағымды жаңалық бар. Қаңтар айынан бастап балаларды қабылдау ресми түрде басталады. Арнайы оқу-дану өтіп, сертификат алған төрт нұсқаушы жас спортшыларға сапалы жүзу сабағын беруге кіріспек. Екі үйірме тобы ашылады деп күтілуде, олардың қатарына 9 бен 14 жас аралығындағы балалар қабылданады.

Мұнда ата-аналардың қызығушылығы жоғары. Күн сайын бірнеше өті-

ніш түсіп жатқанын да білдік. Мұнда тек Жалағаш кентінің ғана емес, оған іргелес жатқан ауылдардан да балалар келіп, жүзуге машықтанып жүр. Бассейннің де басты мақсаты – бұқаралық жүзу спортын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Осы бағытта жыл сайын 12 айда 12 шара өткізіліп, түрлі шеберлік сабақтары ұйымдастырылып тұрады. Бұл – кенттегі спорт рухын оятатын, кішкентай жүзушілердің болашағына жол ашатын игі бастаманың бірі.

Ғимараттың жоғары қабатында жалағаштық тұрғындарға арналған заманауи жаттығу залының қабырғалары мұрал стилінде өрнектеліпті. Кең әрі жарық бұл орында спортпен шұғылданушыларға барлық жағдай жасалып, арнайы жуыну бөлмелері қарастырылған. Жақында ғана зал тағы да қажетті құрал-жабдықтармен толықтырылып, бұрынғыдан да жайлы, жанды орынға айналған. Құлаққа анда-санда жүгіруге арналған жолақтың ыргағы естіледі. Бір бұрышта 5,10,15 келілік гир тасы сап түзеп тұр, ал қасында – турник. Жақында ғана балалар жатыққан секілді, қызыл-көк түсті күрес қолғабы да көзге шалына кетті. Бұрыштардың



Гүлжан ЕСЖАН

Ел біріншілігі

Еліміздің шығысында өткен дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан біріншілігі өз мәресіне жетті. Дүбірлі додаға Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен 17 аймағынан келген 507 спортшы өзара мықтыны анықтады.

Дзюдо: палуандар өзара мықтыны анықтады



Ел біріншілігінің жекелей жарыс нәтижесінде жалпы командалық есепте Маңғыстау облысы алға шықты. Мұнан кейінгі орынға Абай облысы жайғасса, атыраулықтар үздік үштікті түйіндеді.

Аралас командалық жарыс нәтижесінде Абай облысы көш бастады. Олар ақтық мәреде Астана қаласының құрамынан 4:1 есебімен жеңіп, аралас командалық жарыс чемпионы атанды. Ақтық мәреде сыр берген Астана қаласының спортшылары күміс жүлдеге қол жеткізді. Жетісу облысы мен өзіміздің Қызылорда облысының құрамасы жарыстың қола жүлдегері атанды. Аралас командалық жарысқа барлығы 15 команда қатысқан болатын.

Ел біріншілігінің ресми ашылу салтанатына Абай облысының әкімі Берік Уәли, ал салтанатты марапаттау рәсіміне, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, әлем және Олимпиада чемпионы Елдос Сметов, Қазақстан Дзюдо федерациясының президенті Қуанышбек Есекеев, әлем чемпионы Максим Раков қатысты. Жиында Олимпиада чемпионы Елдос Сметов спортшыларға жылы лебізін білдірді.

Чемпионаттың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына атсалысқан облыс басшылығына, спорт саласының өкілдеріне және барша жанауыр азаматтарға зор алғысымыз білдіреміз. Болашақта еліміздің атын асқақтатып, Олимпиада ойындарында көк туымызды биікте желбірететін спортшылар есіп шығатынына көміл сенемін. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді Елдос Сметов.

Жарыс қорытындысына келсек, қыздар арасында 48 келі салмақта Шымкент қаласынан келген Абдуәли Тасниім қарсылас шаяқ келтірмеді. 52 келі салмақта Маңғыстаулық Меруерт Сәрсенова топ жарды. 57 келі салмақта Атырау облысынан келген Дана Әбдірова алтын алса, 63 келіде оның жерлесі Дамеля Асылханова да қарсыласын ақтық мәреде сүріндірді.

Қыздар арасында 70 келі салмақ дәрежесіндегі бәсеке де тартысқа толы болды. Бұл салмақта Абай облысының мақтаншы Ажар Асхат көш бастады. Ал 78 келі салмақта Қостанайдан келген Маргарита Гриценко алтын алды. 78 келіден жоғары салмақта алматылық Ақерке Рамазанова көш бастады.

Ерлер арасында 60 келіде тағы да шымкенттік спортшы топ жарды. Жарыс жеңімпазы Талғат Орынбасар ақтық мәреде сүрінбей, қоржынға алтын салды. Дәл осы салмақта жерлесіміз Нұрдаулет Мейрамбеков үздік үштікті түйіндеді. 66 келі салмақта Бауыржан Нарбаев Маңғыстау облысының қоржынына алтын алса, ақтық мәреде сыр берген оның жерлесі Ақылжан Жұбатқанов күмісті қанағат тұтты. Ал 73 келі салмақта Батыс Қазақстан облысынан келген Аңсарбек Райнуллин көш бастады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Футбол

Чемпиондар лигасы: «Қайрат» қалай келеді?



Отандық клуб «Қайрат» чемпиондар лигасының негізгі кезеңіне жолдама алғалы бірнеше кездесу өткізді. Әлбетте қарсыластарының қай-қайсысы да осал емес. Сондықтан жанкүйерлер отандық клубтың төрт кездесуден толық 3 ұпайға қол жеткізе алмағанына кешіріммен қарайды.

Шындығында, алматылық клубтың негізгі кезеңге өтуінің өзі – олжа. Бірінші кездесуде Португалияға қонаққа барған алматылық клубтың аяқдап шеберлері өздерін өз алаңында жүргендей еркін ойнады.

Бұл ойынға өз лигасында алған жарқатына байланысты қақпашы Темірлан Анарбеков қатыса алмады. Бірақ Шерхан Қалмырза Темірланның

орнын жоқтатпады. Тіпті ойынның 21 минутында даниялық жартылай қорғаушы Мортен Хьюлманнның 11 метрлік айып добына тойтарыс берді. Бірақ алаң иелері алғашқы таймын соңында есеп ашып, жергілікті команда алға шықты.

Кездесудің 65-минутында Тринкан қазақстандық қақпашыдан айналасын асырып, дубль жасады. Мұнан кейін қорғаушылар да сыр берді, қақпашы алаңда шаршады. Соңында «Спортинг» ойыншылары тағы 2 гол салып, қорғанысқа басымдық берді. 86-минутта «Қайрат» сапында бразилиялық легионер жубаныш голын соқты. Осылайша алаң иелері толық 3 ұпай алды.

Қыркүйектің аяғында Алматыға Испанияның «Рел Мадрид» командасы келді. Жергілікті команданың бұған дейінгі ойындарына қарап жүрексізді ме, әйтеуір «Алматы Арена» стадионында қонақтар сапында негізгі құрам толық ойнады.

«Алғашқы таймда «Қайрат» тең дәрежеде ойнады» десе де болады. Әдеттегідей Шерхан Қалмырза испаниялық клуб шабуылшыларының бірнеше соққысына тойтарыс берді. Ойынның 25-минутында бас төреші белгілеген 11 метрлік айып добын К.Мбаппе сәтті орындап, командасын алға шығарды.

Келесі таймда қатарынан 2 голды французлық шабуылшы салып, хет-трик атанды. Келесі голды Камавинга салса, Б.Диас ойынның нүктесін қойды.

Ие, католониялық клубтың негізгі бәсекелесіне қарсы ойнаудың өзі жеңіс сияқты. Бірақ бұл кездесуде біздің жігіттер де қарап қалмады. Сәті келгенде бірнеше рет қарымта шабуыл да болды, бірақ оның бәрі сәтсіз аяқталды.

Қазанның үшінші онкүндігі басталған бойда «Қайрат» өз алаңында чемпиондар лигасының екінші ойынын өткізді. Бұл жолы өдеттегідей Алматыда Кипрдің «Пафос» командасы қонақта болды.

Кездесудің басталғаны сол еді, қонақтар сапында қорғаушы аланнан қуылды. «Қайратқа» да керекті сол еді, енді отандық клубтың толық 3 ұпайды қоржынға салуына даңғыл жол ашылды. Тіпті ойын өрнегі біз ойлағандай өрбіді, алайда есеп ашу қос командаға да қиынға соқты.

Келесі таймда да «Қайрат» шабуылды күшейтті, 65-минуттан бастап қонақтар да қарымта шабуылды ұдетті. Тіпті ойынның 72-минутында есеп ашқан алайда қырағы төреші К.Кавана олардың ойыннан тыс қалғанын аңғарып, бұл голды есепке алмады.

Не керек, мұнан кейінгі қос команданың дүркін-дүркін шабуылының барлығы нәтижесіз болды. Осылайша «Қайрат» өз алаңында чемпиондар лигасының негізгі кезеңіндегі алғашқы ұпайына қол жеткізді.

Қарашаның алғашқы онкүндігінде отандық клуб Италияға жолға шықты. Негізгі қай салада да қарсылас тек жарыста, бірақ қарапайым өмірде оларға құрмет болуы тиіс. Кешегі

«Интердің» алматылық клубқа көрсеткен құрметіне риза болдық. Италиялық клуб әлеуметтік желідегі парақшаларында қазақша посттар жазып, онда қазақ өндерін шырқатып, құрметін аямады. Әттең чемпиондар лигасының өту тәртібі өзгергелі баяғыдай жауапты ойындар өте бермейді. Болмаса дәл осы құрметті біздің де қайталайтын ретіміз еді. Енді ойынға көшейік...

Бұл кездесудегі «Қайраттың» ойыны мұнда басқа арнада өрбіді. «Интердің» былтыр чемпиондар лигасының кубогын алғанын жақсы білесіздер. Ақтық мәреде қандай мықты команданы сүріндіргені айтпаса да түсінікті. Ал «Қайрат» кешегі кездесуде былтырғы чемпиондарға қарсы жоғары дәрежеде ойнады.

Алғашқы тайм тартысқа толы болды, әдеттегідей шабуыл тек бір команда жағында болған жоқ. Керісінше «Қайрат» та шабуылды ұдетіп, қарсыласының қақпашысын өден састырды.

Осыған дейін жанкүйерлерінің сынына көп ілінген аргентиналық шабуылшы Л.Мартинес алғашқы таймын соңында әрең есеп ашты, тіпті бұл гол абыр-сабырда қақпаға енді, болмаса Темірлан Анарбеков алаң иелерінің оған дейінгі бірнеше соққысын тоқты.

Мұнан кейін жанкүйерлер «Қайрат» ойыншылары босаңсиды, ал оны пайдаланған алаң қожайындары үстін-үстін гол салып, жанкүйерлерінің көңілін бір серпілтіп тастайды» деп топшылады. Алайда ойын өрнегі

мұнда басқа арнада өрбіді. Тіпті қонақтар таразы басын теңестіріп, Зоммерді қапы қалдырды. Ойынның 55-минутында О.Арад келген допты алаң иелерінің қақпашына бағыттап, оған Зоммер дайын болмай шықты.

35 минут аз уақыт емес, дәл осы ойын үшін көп те емес. Не де болса алаң иелері бұл уақыттың басым бөлігін шабуылға арнайтыны айтпаса да түсінікті еді. Ойынның 62-минутында бразилиялық жартылай қорғаушы есепті еселеп, командасын қайта алға шығарды.

Мұнан кейін «Қайрат» та қарап қалмады, қаншама рет қарымта шабуыл жасағанымен оның бәрі сәтсіз болды. Бірақ әдеттегідей уақыттың басым бөлігін олар қорғанысқа арнамады.

Әзірге қоржында 1 гана ұпай бар, енді «Қайраттың» чемпиондар лигасының негізгі кезеңінде 4 кездесу күтіп тұр. Оның алғашқысы Дания жерінде өтеді. Одан кейін бізге «Олимпиакос» пен «Брюгге» келсе, соңғы кездесу Лондон төрінде өтеді.

Төрт команданың барлығы осал емес, бірақ бұл болжам отандық клуб ойыншыларының сағын сындырмауы тиіс. Әзірге топтық кезеңде Германияның «Бавариясы» көш бастап тұр. Дәл сол ұпаймен келесі орынға «Арсенал» жайғасқан «Қайраттың» келесі кезеңге өтуіне мүмкіндік жоқ емес, бірақ көп те емес. Ол жағын алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ